

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН ОҚЫТУДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Тіл дамыту — қазақ тілін оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңызды да негізгі мәселелерінің бірі. Ол арқылы жас ұрпақты тіл мәдениеті мен өнеріне баулу, қазақ тілінің қыры мен сырын терең меңгеру, ойын толық та көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады.

Тіл — ұлттың жаны және күллі тіршіліктің алтын қазынасы. Тіл — халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі — оның бақыты мен тірегі. Елбасы Н. Ә. Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі тек қана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын.

Өскелең ұрпақтың қазақ тілін дамыту — қазіргі білім саласындағы оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе. Тіл мен сөйлеу үрдісін дифференциалды қарастыра оқыту қажет. Өйткені, тыңдаушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлініп отыр. Орыс тілді тыңдаушыларға қазақ тілін оқытудағы басты мақсат — сөйлей білуге, өз ойын жеткізе білуге, сауатты жаза білуге үйрету. Сондықтан да коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрады. Соған орай, тіл материалдары болсын, оны игертуге негізделген жаттығулар болсын, сондай-ақ тіл дамыту жұмыстары болсын түгелдей қазақша сөйлей білуге, өз ойын айта білуге бағытталуы қажет. Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты — тыңдаушылар белгілі бір дәрежеде қазақша сөйлеп, өз ойын басқа біреуге жеткізе алатындай, сондай-ақ өзгенің сөзін ұға, түсіне алатындай деңгейге жету. Тыңдаушыларды осындай деңгейге жеткізу үшін өз тәжірибеден мақал-мәтелдерді оқытып, жаттаттыруға үйреткен тиімді. Соған орай, тыңдаушыларға қазақ тілінің грамматикасын оқытуда мақал-мәтелдерді қолдану мәселелерін қарастырып, тоқталғым келеді<sup>i</sup>.

«... Мақал да тақпаққа жақын салт санасына сәйкес айтылатын пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шыңы келеді. Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер» деп ұлы данышпан ақын, этнографымыз Ахмет Байтұрсынұлы айтқан екен. Осыдан келе, мақал-мәтелдерді тіл байлығының алтын қазынасы деп білеміз. Бұл — өміріміздегі алуан жағдайларында кездесетін өмір шындығының қорытындысы.

Енді осы мақал-мәтелдердің тыңдаушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтырып, дамыту үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал — сөздің мәйегі. Мәйек — бір қазан сүтті ашытатын (ұйтатын) ұйтқы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің ұйытқысы. Мақал-мәтелдер арқылы тыңдаушылардың қазақ тілінің тіл білімі салаларын оқып-білуіне зор септігін тигізери анық және өз тәжірибем арқылы дәлелдегім келеді.

Мен, өз сабақтарымда тыңдаушылардың тілін дамыту, грамматика салаларын түсіндіріп, оқыту мақсатында мақал-мәтелдерді қолдану арқылы тәжірибелік жаттығулардың бірнеше жұмыс түрлерін қолданамын. Соған байланысты «Атамұра» баспасынан 2008 жылы жарық көрген Ш. Қ. Бектұров пен А. Ш. Бектұрованың «Қазақ тілі. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы» атты оқу құралынан қазақ тілінің грамматикасын оқытуда үзінді жаттығулармен мақал-мәтелдердің қалай қолданғанына тоқталайын<sup>ii</sup>.

Аталмыш оқу құралының 26-бетіндегі 4-жаттығуда «Жатыс септігі» тақырыбына байланысты мынандай тапсырма берілген:

1. Беттің қызылында, шаштың ұзынында.

2. Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде.

8. Жазда арбаңды сайла, қыста шанаңды сайла. — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдерден жатыс септігінің жалғауын тауып қана қоймай, мақал-мәтелдердің қандай мағынада қолданылып тұрғанын, нені білдіріп, қандай тақырыпқа жататынын оқытушымен бірге анықтауды қажет етеді.

33-беттегі 5-жаттығуда «Шығыс септігі» тақырыбына байланысты:

1. *Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады.*

2. *Теңге тиыннан өсер, жылқы құлыннан өсер.*

3. *Досыңнан түйе сұрасаң, ол ұялғаннан бие берер.* — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдерден шығыс септігінің жалғауын тауып қана қоймай, мақал-мәтелдерді орыс тіліне аударуды қажет етеді.

Ал мына 110-беттегі 3-жаттығу «Сын есім» тақырыбына байланысты:

1. *Ақылды ердің ішінде алтын ерлі ат жатар,*

*Ақылды әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатар.*

2. *Арық малды асырасаң, аузы-мұрның май болар,*

*Жамаң адамды асырасаң, аузы-мұрның қан болар.*

8. *Қайғысыз адам қара суға семіреді.* — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдерден сын есімдерді тауып қана қоймай, оларға талдау жасап, мәнін түсіндіреді.

124-беттегі 2-жаттығу «Сан есім» тақырыбына байланысты:

1. *Алыстағы атаңды жыққаниша, алтыдағы атанды жық.*

6. *Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама.*

9. *Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық.*

– Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдерден сан есімдерді тауып қана қоймай, оларға талдау жасап, есте сақтаулары талап етіледі.

130-беттегі 4-жаттығу «Есімдік» тақырыбына байланысты:

1. *Әркімдікі – өзіне, ай көрінер көзіне.*

3. *Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы.*

5. *Ештен кеш жақсы.*

11. *Өзімдікі дегенде егіз қара күшім бар, өзгенікі дегенде анау-мынау ісім бар.* – Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдерден есімдіктерді тауып қана қоймай, оларға түрлеріне қарай талдау жасап, мағынасын түсіндіреді.

136-беттегі 3-жаттығу «Үстеу» тақырыбына байланысты:

1. *Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.*

7. *Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.*

8. *Арық айтып, семіз шық.* — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіріп, құрамындағы үстеулер үстеудің қай түріне жататынын айтады.

143-беттегі 5-жаттығу «Шылау» тақырыбына байланысты:

1. *Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам.*

2. *Ит иесі үшін жүгіреді, құс тамағы үшін ұшады.*

9. *Семіздікті қой ғана көтереді.*

10. *Бір биеден ала да, құла да туады.* — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдерден шылауларды тауып қана қоймай, беріп тұрған мағыналарын ажыратады.

Ғылыми баяндаманың тақырыбына орай менің 2010 жылы басылып шығарылған «Қазақ тілі. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден құрастырылған жаттығулар жинағы» атты оқу-әдістемелік, оқу-тәжірибелік жинағымнан да мысалдар келтіре кетейін. Бұл жинақта қазақ тілінің лексика, фонетика, морфология, синтаксис салаларын түсіндіру және содан алынған білімді қорытып бекіту мақсатында тек мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден құрастырылған грамматикалық жаттығу тапсырмалары берілген<sup>iii</sup>.

Оқу құралы бойынша қысқаша түрде мысалдар келтірейін. «Фонетика» тарауындағы 2-жаттығуда мынандай тапсырма берілген:

*Сөз шындыққа тоқтайды,*

*Пышақ қынына тоқтайды.*

*Әділсіз болса, би оңбас,*

*Әйелсіз болса, үй оңбас.*

*Қолыңмен істегенді, мойныңмен көтер.* — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар асты сызылған сөздердің жіңішке не жуан түрлерін тауып, оларға сөйлем құрастырады.

Тағы да бір тапсырмаға көңіл бөлейік:

*Адамның ұяты бетінде,*

*Адамгершілігі ниетінде.*

*Көкпар тартқандікі,*

*Қоян қаққандікі.*

*Балгер балгерге бал аштырмас.*

*Айлакер түлкі қақпанға түспейді.  
Арам болсаң өмірің азаппен өтер,  
Сорлы болсаң, өмірің мазақпен өтер.* — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, үндестік заңына бағынбайтын қосымшалардың астын сызады.  
«Лексика» тарауындағы 17-жаттығудағы тапсырма:

*Көз-қорқақ, қол – батыр.*

*Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет.*

*Көп ақымақтың азасы болғанша, бір ақылдының інісі бол.*

*Есектің еті – арам, күші – адал.* — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, антонимдердің астын сызулары қажет.

«Морфология» тарауындағы 54-жаттығудағы тапсырма:

*Ең тәтті де – тіл, ең ащы да – тіл.*

*Қарға баласын аппағым дер,*

*Кірпі баласын жұмсағым дер.*

*Тәуір жігіт ақылына сендіріп іс қылар,*

*Жаман жігіт оп-оңай істі күш қылар.* — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар мақал-мәтелдерден сын есімді тауып, сын есім шырайларының түрлеріне ажыратады.

«Синтаксис» тарауындағы 101-жаттығудағы тапсырма:

*Тілің... жүгірме, білім... жүгір.*

*Аузы... әзілі жоқтың қолы... қолишоқтары бар.*

*Татулық... табыс мол.*

*Су... шым тоқтатар, сөз... шын тоқтатар.* — Бұл тапсырма бойынша тыңдаушылар көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, көшіріп жазып, септік жалғаулы сөздерге сұрақ қойып, толықтауыштың астын сызулары қажет.

Жаттығулардағы мақал-мәтелдердің грамматикалық тапсырма ретінде берілгенін байқағандай, осындай элементтерді пайдалана отырып, тыңдаушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытуға оқытушы үшін өте тиімді деп ойлаймын. Мұндай тапсырмаларды қызыға орындап, әрі грамматикалық мағынаның ерекшеліктері туралы білімдерін бекітуге, әрі мақал-мәтел арқылы сөздік қорларын толықтыруға ықпалды.

Білім беру тұжырымдамасында өмір талабы ретінде екі тілде сөйлеуді одан әрі орнықтыру, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың сапасын жақсарту міндеттері қойылады. Жоғары оқу орындарындағы орыс тілді топтарда тыңдаушыларға қазақ тілін оқыту мәселесі олардың қазақша сөйлей алатындай болып шығуына мүмкіндік беретіндей болуы тиіс. Қазақ тілінің грамматикасын оқытуда мақал-мәтелдерді қолданудың, оларды күнделікті өмірде пайдалана отырып, тиімді қолдана білудің маңызы зор деп білемін. Сондықтан да тыңдаушылар алған білімдерін өз қажеттілігіне ғана пайдаланып қоймай сонымен қатар, өзгелермен де бөліссе ұтымды амал болып табылар еді.

i Аханов К. Тіл білімінің негіздері. — Алматы, 1978.

ii Бектұров Ш. К., Бектұрова А. Ш. Қазақ тілі (Ана тілі деңгейінде үйрету құралы). — Алматы, 2008.

iii Деріпсалдин Е. Қ. Қазақ тілі. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден құрастырылған жаттығулар жинағы. — Қостанай, 2010.